

Спорт

ВОЛЕЙБОЛДАН ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРИ ӨТТІ

Жақсы адамның артынан өшпейтін із, сөнбейтін шырақ қалады. Ондай адамдардың тірлігінде жақсы істерімен есімі

арнаған абзал жан. Кіндік қаны тамған Ақсу-Аюлы ауылындағы Ж.Ақылбаев мектебінде өмірінің соңына дейін денешынықтыру

тасында болуы оның ұлтын сүйген азамат екенін аңғартса керек. Спорттан бөлек, өнерге де жақын азаматты ел-жұрты бір сәтке де жадынан шығарып, естеліксіз қалдырған емес.

Биыл да жора жолдастарының ұйытқы болуымен еске алуға арналған волейболдан ашық біріншілік болып өтті. Аталмыш жарыс өзі еңбек еткен Ж.Ақылбаев атындағы мектептің спортзалында ұйымдастырылып, оған 9 команда қатысты. Біріншіліктің ашылу салтанатында әріптестері жолдастары жылы естеліктерімен бөлісті.

Біріншілікте әр сайыстарда шындалып, ауданымыздың атын байрақты бәсекелерде шығарып жүрген спортшылардан және әр жылғы жастардан құралған командалар өзара бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз командаларға және «Үздік ойыншы» атанған төрт командаға ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Өз тілшімізден.



ел есінде мәңгі сақталып, жыл өткен сайын жаңғырып отыратыны соның бір айқын дәлелі. Сондай асыл азаматтардың бірі Ақсу-Аюлы ауылының тумасы Медиев Серік Кәрсембайұлы еді.

Серік Кәрсембайұлы ғибратты ғұмырын ұлағатты ұстаздыққа

пәнінен сабақ берді. Спортты серік еткен ұл-қыздардың қанатын қомдап, талабын шыңдай білді, түлектері облыстық, республикалық түрлі спорт жарыстарының жүлдегері атанды.

Серіктің 86 жылдың желтоқсан көтерілісінде жастардың ор-

Арнау

СЕРІК ДОСЫМА!

Бала кезден спортқа, Әуес болған жолдасым. Спортқа деген рухыңды, Жаратқан әр кез қолдасың!

Фархат, Аман, Серік деп, Топ құрғаның ұнады. Өнеріңе ынтық боп, Талай фанат жылады.

Еңбегің сенің жалындап, Жемісін берді талайға. Көрсеткен «тәлім» ұрпаққа, Ұмытылмас әр кез қалайда.

Волейбол мен баскетбол, Түсіріп түбін ойнаушы-ең. Қарсылас қандай болса да, Жеңбей бір оны қоймаушы-ең.

ФАС деп оны атады, Би билеп шулап жатады. Өнерге әуесқой жандарға, Жоқтығы ФАС-тың батады.

Үйреткен өзің шәкірттер, Жалғады сенің жолыңды. Атыңды «Серік» өшірмей, Алып жүр бірінші орынды.

Айналғанда турникте, Қызығына тоймадың. Алдыңа салмай тірі жан, Ат құлағында ойнадың.

Алматыда төмемдап, Физкультура маманың. Бағындырдың өзіңе, Спорттың биік қамалың.

Ұрпағың сенің бүгінде, Біріншілік өткізіп. Мәртебенді өнекей, Көтерді көкке жеткізіп.

Өнерге де бар едің, Өн шығарған ұдайы. Артық болмас деп айтсақ, Гитараның құдайы.

Ұстаз боп келдің ауылға, Мектебіне Горькийдің. Талайды баулып спортқа, Тәрбие бердің жастарға.

Достарың сені ұмытпай, Есіне талай алады. Осынау фәни дүниеде, Есімің мәңгі қалады.

Біз өзінді достарың, Кереметке балаймыз. Ғашықтығың айта алмай, Іштен тынды талай қыз.

Достардың да қоршаған, Мақтанышы боп жүр едің. Тым қысқа болып өмірің, Тоқтап қалды-ау жүрегің.

Дарын **ҚАППАРОВ**,
Астана қаласы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «ЛАМ 2030» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «ЛАМ 2030» ЖШС үшін қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу материалдары (НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ).

2. Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау кенті.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылы 31 қаңтар, сейсенбі күні, сағат 11.00-де, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау кенті, Қазбек Нұржанов көшесі, 31, «Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кенті әкімінің аппараты» ММ акт залында өтеді.

4. Белгіленген қызметтің бас-тамашысы: «ЛАМ 2030» ЖШС БСН 140340003944, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау

кенті, Қазбек Нұржанов көшесі, 30 ғимарат, тел: 87007224356

5. Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекен-жайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН - 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.

6. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: esportal.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>

7. Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін «ЛАМ 2030» ЖШС мекен-жайлары бойынша сұратуға болады. Байланыс телефоны / факс: 87007224356 немесе «АНТАЛ» ЖШС. Тел / факс: 8(727) 376-33-42. Электрондық мекен-жайы: office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекен-жайлар бойынша қабылдан ады: esportal.kz; expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: 7(7212)568-166

Эпидемиологиялық жағдай нашарлаған жағдайда бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/81814062112?pwd=YytkbE5uUFlh4OVNvMDQwd1Y3N2lmd09>

Конференция идентификаторы: 818 1406 2112

Кіру коды: VNtdA8

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша ұсынылған әрекеттің бас-тамашысына қонырау шалыңыз.

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, әулетіміздің ақылшы тірегі, асыл ана, аяулы әжеміз **СӘТБЕКОВА Райса Мұқашқызы** желтоқсан айының 22-ші жұлдызында мерейлі 80 жасқа толып отыр. Мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайып, тұрмыс пен жұмысты тең аркалап ұл мен қыз өсірген, ғибратты ғұмырында мыңдаған шәкіртке білімнің нәрін күйған ардақты анамызды мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, сарқылмас қуат пен толастамас шуақ тілейміз.

Болсыншы дейтін әркез балам аман, Біздерді бақытым деп бағалаған. Мерейлі 80 жасқа толып отыр, Біз үшін теңдесі жоқ ғажап адам.

Үлгісі тағылым мен өнегенің, Қамқоры үйдегі бар немеренің. Әжетай аман - есен тұрыңызшы, Тойында тілек айтып шөберенің.



Тілек білдірушілер: келіні - **Мейрамқұл**, немерелері - **Ержан-Құндыз**, **Бекжан** - **Айдана**, **Ерасыл**, шөберелері - **Айбibi**, **Бегім**, **Бейбарыс**, **Шұғыла**.

Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, кадірлі әріптесіміз **АНАРБЕКОВ Қалиханды** асқаралы 60 жасқа толып отырған мерейлі туған күнімен құттықтаймыз.

Сізге деніңізге саулық, көңіліңізге шабыт пен толағай табыс, ынтымағы жарасқан киелі шаңырағыңызға сарқылмас бақыт тілейміз.

Сарқылмасын күш қуат бойыңызда, Таусылмасын қызық-думан тойыңызда.

Отбасынан қашанда қызық кетпей, Тойлансын 100-ге келген тойыңызда.

Қабыл болсын барша тілек қалаған, Қуаныш қызық көре бер бала-шағадаң.

Зор денсаулық, ғұмыр, қуат берсін, Деп тілейміз, біз сізге Алладан.



Игі тілекпен, құттықтаушылар: «Шет агротехникалық колледж» КММ ұжымы.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «ЛАМ 2030», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «ЛАМ 2030» (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

2. Территория воздействия: РК, Карагандинская область, Шетский район, п.Акшатау

3. Общественные слушания состоятся во вторник 31 января 2023 года в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Акшатауская п.а., п.Акшатау, улица Казбека Нуржанова, 31, актовый зал ГУ «Аппарат акима поселка Акшатау Шетского района Карагандинской области».

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЛАМ 2030» БИН 140340003944, Карагандинская область, Шетский район, поселок Акшатау, улица Казбека Нуржанова, здание 30, тел: 87007224356

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г.Алматы, Бухар Жырау 33, БП «Жеңіс», оф.50, БИН-920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. Материалы проекта размещены на сайте: esportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>

[entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru).

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «ЛАМ 2030» Контактный телефон/факс: 87007224356 или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. Электронный адрес: office@antal.kz.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: esportal.kz; expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: 7(7212)568-166.

В случае ухудшения эпидемиологической обстановки данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/81814062112?pwd=YytkbE5uUFlh4OVNvMDQwd1Y3N2lmd09>

Идентификатор конференции: 818 1406 2112

Код доступа: VNtdA8

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі **М.Д.САДУАҚАСОВ**

Директор-редактор
Мейрам Дәулетбекұлы

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03
Қасымхан Отыншин, Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898.
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1423 дана. Газеттің басылу сапасына «Арқо» баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы «АРКО» баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.